



**2024-2025 оқу жылына арналған
инклюзивті білім беруді дамыту бойынша жылдық жоспары**

Максаты: Ерекше білім алу қажеттіліктерімен түрлі жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық тәрбиеленушілер үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды түзеу арқылы қолдау инклюзивті және арнайы білім беру аясында медициналық, педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету арқылы жүзеге асыру.

Міндеті:

1. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды түзеу арқылы қолдау үшін жағдай жасау;
2. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде балалар мен ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету;
3. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

I. Құқықтық міндеттер				
№	Қызметтің негізгі бөлімі мен мазмұны	Орындаушылар	Мерзімі	Бақылау түрі
1	2020-2025 оқу жылдарында ҚР ЖБОББ сонымен бірге инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен танысу	ИББ бойынша барлық арнайы мамандар	Тамыз	Әдістемелік кеңес ұсынысы
2	2023-2024 оқы жылында ҚР білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен танысу	ИББ бойынша арнайы мамандар	Тамыз	Әдістемелік кеңес ұсынысы
3	Мектеп мұғалімдерін жалпы білім беру үрдісіндегі инклюзивті білім берудің мақсаттары мен міндеттері туралы ақпараттандыру	ИББ бойынша арнайы мамандар	Қыркүйек	Әдістемелік отырыс
II. Психологиялық-педагогикалық диагностика				
1	Жаңа оқу жылына ЕОҚ ететін оқушыларды ОПМПК қорытындысы бойынша, педагогикалық кеңестің шешімімен инклюзивті сыныптарға ата-аналардың	Мектеп директоры	Қыркүйек	Пед. кеңес

	өтініші негізінде тіркеу және бекіту			
2	Жыл басында ЕОҚ ететін оқушылардың ата-аналарымен келісім-шартқа отыру, сауалнама жүргізу	ИББ бойынша арнайы мамандар	Қыркүйек	Ата-аналар жиналысы
3	ОПМПК қорытындысы бар білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің даму деңгейі мен ерекшеліктерін (сөйлеу, есте сақтау, зейін, жұмыс қабілеттілігі және басқа да психикалық функциялар) анықтайды, оқудағы табыстылықты қамтамасыз ететін алдын алу, түзету психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік іс-шараларын анықтау үшін олардың эмоциялық-ерік және тұлғалық дамуын зерттеу	Арнайы-педагог, мұғалім-логопед, педагог-психолог	Қыркүйек	Түзету кабинеті
4	Ерекше оқытуды қажет ететін оқушылардың жанұялық тәрбиелену жағдайын зерттеу	Сынып жетекші	Қыркүйек	Жанұяның әлеуметтік көрінісі
5	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту кезінде білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, жеке оқу бағдарламасы әзірленеді	Сынып жетекші, пән мұғалімдері	Қыркүйек	Мектепшілік әдістемелік кеңес отырысы
6	Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар үшін мұғалімдер жалпы білім беретін мектептің оқу жоспарларымен қиылысатын тақырыптар бойынша Ы.Алтынсарин атындағы білім академиясының бағдарламасының мазмұнын негізге ала отырып, әрбір сабақтың мақсаттары мен міндеттерін жазу	Сынып жетекші, пән мұғалімдері	Қыркүйек	Мектепшілік әдістемелік кеңес отырысы
7	Ерекше оқытуды қажет ететін оқушылардың жеке тұлғалық түзету-дамыту бағдарламасын құру	Консилиум мүшелері, ата-ана	Қазан	Мектепшілік консилиум отырысы
8	Мектепшілік ППк отырысын ата-ана, пән мұғалімдері ұсынысына байланысты жоспарлы түрде ұйымдастыру	Консилиум мүшелері, ата-ана	Жыл бойы	Мектепшілік консилиум отырысы

9	Оқушыларға әр-түрлі іс-әрекетте психологиялық-педагогикалық көмек көрсету	Сүйемелдеу қызметінің мамандары	Жыл бойы	Сұраныс бойынша
10	Ата-аналар жиналысын әр тоқсан сайын өткізу, психологиялық-педагогикалық кеңес беру (топтық, жеке)	Сүйемелдеу қызметінің мамандары	Оқу жыл бойы	Ата-аналарға ұсыныс
11	Ерекше оқытуды қажет ететін оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтармен тығыз байланыста болу	Сүйемелдеу қызметінің мамандары	Сұраныс бойынша	Ақпараттық материалдар
12	Ерекше оқытуды қажет ететін оқушылармен түзете дамыту жұмысының нәтижелерін талдау және жинақтау, мектепішілік педагогикалық-психологиялық консилиумде талқылау	Сүйемелдеу қызметінің мамандары	Мамыр	Сүйемелдеу мамандарының есебі
III. Психологиялық-педагогикалық және медициналық-педагогикалық ағарту				
1	Сүйемелдеу бөлмесін дидактикалық материалдармен толтыру	Сүйемелдеу қызметінің мамандары	Оқу жыл бойы	Ата-аналарға арналған ұсыным
2	ЕОҚЕ оқушылармен түзету сабақтарын ұйымдастыра отырып, жеке тұлғалық түзету-дамыту бағдарламасы негізінде тақырыптық-күнтізбелік жоспарын құру	Пән мұғалімдері, Арнайы-педагог, мұғалім-логопед, педагог-психолог	Қыркүйек	Түзету кабинеті
3	Ата-аналармен жиналыс өткізу	ИББ бойынша арнайы мамандар	Қыркүйек	Түзету кабинеті
4	2023-2024 оқу жылының I тоқсанында арнайы мамандардың түзете-дамыту жұмыстарын мектептен ұйымдастыру туралы ата-ананың өтінішін жазғызу	ИББ бойынша арнайы мамандар	Қыркүйек	Түзету кабинеті
5	ТВ, компьютермен сабақ тындағанда және интернет желісі арқылы тапсырма орындағанда ерекше оқушыларға ұзақ отыру зиянды болғандықтан, ата-аналар сергіту сәтіне қозғалыс және дене ойындарын, спорттық емдік жаттығулар және таза ауаға серуендеуін қадағалап отыруды міндеттеу	ИББ бойынша педагог-ассистент, сынып жетекші	Қыркүйек	Телефон арқылы
6	Ерекше оқытуды қажет ететін оқушыларды оқыту және тәрбиелеу тәжірибесін дамыту	Мектеп директоры	Жоспар бойынша	Педагогикалық ұсыным

	максатында педагогтардың біліктілін арттыру бойынша арнайы курстар өтуін ұйымдастыру			
7	Жаңа жыл қарсаңында жыл сайынғы «Жаңа жылдық тосын сый» акциясын өткізу	Арнайы мамандар, жас мамандар	Желтоқсан	Үй аралау
8	Икклюзивті білім берудің құндылығы мен қағидаларын қоғам деңгейінде түсіндіріп тарату (газет, журналдарда және жергілікті қоғамдық жиындарда, ғаламторда)	Сүйемелдеу қызметінің мамандары	Жыл бойы	БАҚ-да жариялау
9	Икклюзивті білім беру мәселелері бойынша ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге қатысу және мектебімізде ұйымдастыру	Сүйемелдеу қызметінің мамандары	Жыл бойы	Конференция материалдары
10	ИББ жүзеге асыру бойынша мектепке бекітілген магниттік мектептермен және басқа да серіктес ұйымдармен (ОПМПК, жергілікті ауруханамен) байланыста болу, әдістемелік көмек көрсету	ИББ бойынша арнайы мамандар	Жыл бойы	Сұраныс бойынша

IV. Ұйымдық әдістемелік әрекет

1	Құжаттамаларды тіркеу және жүргізу (нормативтік-құқықтық құжаттар, бұйрықтар, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсету қызметінің құжаттамасы, жылдық жоспарлар, оқушы құжаттары)	ИББ бойынша арнайы мамандар	Жыл бойы	Жұмыс құжаттамасы
2	Икклюзивті сыныптардың сабақтарына қатысып, оқушылардың даму деңгейін бақылап, даму картасын жасап, бақылау дәптерін жүргізу	ИББ бойынша арнайы мамандар	Жыл бойы	Сабақтарды талдау
3	Әдістемелік және тәжірибелік жұмысты жетілдіру мәселелері бойынша жоспарлы жұмыс отырысын өткізу	ИББ бойынша арнайы мамандар	Қыркүйек, қаңтар	Жұмыс құжаттамасы
4	Ата-аналарға сұраныс бойынша аптаның сәрсенбі күнінде кеңес беру	ИББ бойынша арнайы мамандар	Аптасына бір рет	Сұраныс бойынша

5	ИББ бойынша сынып және мамандар бөлмесін қажетті оқу жабдықтарымен толтықтыру (көрнекіліктер, стенд, нұсқаулықтар, т.б.)	ИББ бойынша арнайы мамандар	Қажеттілігіне қарай	Ақпарат беру, безендіру
6	Мектеп алды даярлық тобының және 1-ші сынып жетекшілерімен «қатар тобындағы» оқушылар тізімін анықтап, дамуы бойынша бақылау күнделігін сынып жетекші жүргізіп, мектеп психологының жан-жақты зерттеу нәтижесінің және ата-аналарының өтініші негізінде мектепішілік ППк-ға ұсыну	Консилиум мүшелері	Жыл бойы	Зерделеу, ұсыну
7	Әр жарты жылдық сайын ЕОҚ ететін оқушылар бойынша сараптама жасап, мәтіндік есеп беру	ИББ бойынша арнайы мамандар	Жарты жылдық есеп	Арнайы мамандардың есебі
8	ЕОҚ ететін оқушылардың құжаттарын ОПМПК тексерісіне дайындау және ОПМПК отырысын ұйымдастыру	Мектеп ұжымы және ата-аналар	Сәуір-мамыр	ППк кеңесі

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Майыр Мажманова Б.Д.